


**«Тілектес» жалпы орта білім
беретін мектеп кітапханасының
2022 – 2023 оқу жылына
жасаған іс – ж о с п а р ы**



Қазығұрт ауданы



**«Тілектес» жалпы орта білім беретін мектеп
кітапханасының 2022-2023 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспары**

I. Кітапхананың негізгі мақсаты

1. Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республика үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрлігінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады.
2. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйымымен бірлесіп атқарады.
3. «Тілектес» жалпы орта білім беретін мектеп міндеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқу – тәрбие ісін неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында қорды қалыптастыру.
4. Анықтама – библиография аппаратын, кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастырып кітапхана қорын толық ашып көрсету.
5. Оқушыны кітапқа құштарлыққа, кітапхананы пайдалана білуге тәрбиелеу.
6. Кітаппен өз бетінше істеу жолдарын меңгеру, кітап арқылы ой - өрістерін, рухан жандүниесін кеңейту, тілін дамыту, ой - өрісі кең, білімді, парасатты азаматын тәрбиелеуге жәрдемдеседі.
7. Тәуелсіз Қазақстанның жан – жақты дамыған, ой - өрісі кең, білімді, парасатты азаматын тәрбиелеуге көмек береді.

Кітапхана жұмысының негізгі көрсеткіштері

Р/с	Көрсеткіш	2022-2023
1	Кітап қоры	5753
2	Әдеби кітаптар	1942
3	Оқулық қоры	3811
5	Электронды оқулық қоры	22
6	Оқушылар саны	188
7	Оқырмандар саны	237
9	Кітап беру	4322

2. Кітапхана жұмысының негізгі бағыттары мен міндеттері

- Практикалық әдістемені жетілдіру және оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырудың жаңа жолдарын іздестіру;
- Мектеп бағдарламасына сәйкес оқушылардың танымдық және шығармашылық іскерлігін арттыруға дем беру;
- Кітапхана қорларына кен қолжетімділік негізінде кітапхана оқырмандарының ақпарат қажеттіктеріне сәйкес оларға кітапханалық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету жолымен оқу-тәрбие үдерісін және өздігінен білім алуды қамтасыз ету.
- Оқушыларда ақпарат мәдениеті дағдыларын қалыптастыру, ақпарат іздестіру әдістеріне үйрету, жүйелі оқуға деген қажеттікті сіңіру.
- Оқушылардың рухани өсуін, өзін-өзі тануын және өз бетінше білімін жетілдіруге қажеттіліктерін қанағаттандыру.
- Балалардың оқу проблемасын шешуге және көзқарастарының қалыптасуына жағдай жасау, жәрдем беру;
 - Балалардың сауаттылығын, оқу мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру;
 - Оқушыларды кітапхана қорындағы оқулықтармен дер кезінде қамтамасыз етіп, кітап қорының сақталуы жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізу;
- Мәдени – көпшілік жұмыстар өткізіп, оқырмандарды әдеби кітаптар оқуға қызықтырып, оқырман тарта білу;

3. 2022-2023 оқу жылындағы кітапхана жұмысына қысқаша талдау

«Тілектес» жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасының 2022-2023 оқу жылына кітапханасында

оқырмандарға кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсету мақсатында жыл бойы біршама жұмыстар атқарылды.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауын іске асыру мақсатында «Қазақ руханиятын жаңғыртатын қадам» атты кітап көрмесін оқырмандарға насихаттадық. «Латын әліпбиінің жаңа замандағы тиімділігі» атты әңгіме мен көрме жасалды. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламасы аясында 100 кітап жобасын іске асыру мақсатында «Әлемді кітап арқылы танымын» атты қағидасын ұстанын Буккроссинг жобасымен жұмыс жасадық. Халықаралық Кітап күнін атап өткізу мақсатында «Әлемді кітаппен таны» атты сыныптар арасында кітап апталығы өткізілді. Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұраптың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруда мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас. Ол - мектептің жүрегі, ажырамас бір бөлігі іспетті. Мынау келген жаңа заман – компьютер заманы болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әр баланың бір қасиетті қара шаңырағы - кітапхана. Кітап - біздің рухани құндылығымыз, теңдесі жоқ байлығымыз. Өткен замандардың тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де осы кітап арқылы жетіп отырады.

Қазақстан Республикасының жастар мен балаларды тәрбиелеудегі тәрбие процесіндегі барлық субъектілердің ерекшеліктерін қамтамасыз ету, өскелең ұрпақтарды тәрбиелеуде біртұтас әрекетті қалыптастыру.

1. Білім беру профиліне сәйкес жаңа және дәстүрлі бағыттағы әдебиеттер мен толықтыру.

2. Оқу процесінде керекті әдебиет, ақпараттар мен қамтамасыз ету.

3. Кітапхана, ақпаратқа деген оқырмандардың жан – жақты сұранысын қанағаттандыру, оларды оқуға тарту, ынталандыру.

4. Кітапты ұқыпты ұстап, ақпарат көздерін бүлдірмеуге үйрету, тәрбиелеу.

«Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы» бұл сөзде көп ойларды тоқуға болады. Оқушылар мен мұғалімдер қосымша қажет материалдарын алып отырады. Қазіргі таңда мектеп кітапханасының қорында:

Жалпы кітап қоры-5753

оқулықтар саны -3811 дана

Әдебиеттер саны - 1942 дана

әдістемелер саны - 42 дана

Электронды оқулықтар - 22

Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету барысында жалпы оқушылардың 100% оқулықпен қамтамасыз етілді.

1-сыныпқа 100% , 2 сыныпқа 100% , 3 – сыныпқа 100% , 4- сыныпқа 100% , 5-сыныпқа 100%, 6 – сыныпқа 100%, 7- сыныпқа 100%, 8 сыныпқа 98% 9 – сыныпқа 100%, 10 –сыныпқа 100%, 11 - сыныпқа 100% оқулық таратылды.

Мектепте 188 оқушы болса соның 188 - сы оқулықпен қамтамасыз етілді. Бірінші

кезекте үйден оқытылатын мүмкіндігі шектеулі, оқушылар және мектептегі жағдайы төмен, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар оқулықпен толығымен қамтамасыз етілді. Биылғы оқу жылында 1-3-4-6-8-9 сыныптарға 592 оқулық алдық.

Мектеп кітапханасы – кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді сонымен қатар мұғалімдермен тығыз байланыста болып, әртүрлі іс-шаралар, байқаулар және кітап көрмелерін ұйымдастырып отырады. Мысалы, «Жаңартылған білім беру мазмұнына көшу жағдайында ағылшын тілін оқытуда әдіс тәсілдер» тақырыбында өтілген аймақтық әдістемелік семинарға белсене қатысқаным үшін марапатталдым, Қазығұрт ауданы білім бөлімі Алғыс хатымен және 2021 жылы Қазақстанның педагогикалық академиясы сапалы білім беру мен еңбектегі игі істері және шығармашылық ізденістері арқасында өз шеберлігін, біліктілігін жоғары дәрежеде танытқаны үшін «ҰЛАҒАТ» төс белгісі берілді.

Облыстық оқушылары арасында «Туған жерге тағзым» атты өнер фестивалінде Лауреаттық дипломмен марапатталдым.

Желтоқсан айында «Желтоқсан алауы – тәуелсіздік бастауы» «Бірлігіміз жарасқан тақырыбындағы іс-шаралар жасалынып жұмыстар атқарылды.

«Абай-дана, Абай-дара қазақта», «Бір ел, бір кітап акциясы», т.б көптеген іс-шаралар жүргізіліп отырады.

Білім бөлімінің тапсырмасымен және жол картасы бойынша, Кітап әлемдегі құпиялы ұлы ғажайыптардың бірі, тақырыбында библиографиялық шоу және анықтама жасалынды.

Сондай-ақ оқушыларға, ұстаздарға арнап, әр мейрамдарда кітап көрмелері жасалынып, дайын материалдарды пайдалануға ұсынып отырдық.

1- сынып оқушыларымен кітапханаға саяхат жүргіздік, кітапхананы пайдалану ережелерімен таныстырдық. Оқырман ретінде тіркеуге алдық. Оқыған ертегілері жайлы пікір алмастық.

1-5 сынып оқушылары ертегілер мен әдеби кітаптарды жаздырып алып оқиды. Жоғары сынып оқушылары кітапханаға үнемі келіп, жан-жақты саладағы барлық пәндерден рефераттар жазып, сабаққа дайындалады. 1 – 2 3 сынып оқушыларымен «Жолда жүру ережелері» тақырыбында әңгіме өткіздік. Тіл мерекесіне байланысты «Тіл ұлт қазынасы» атты кең тақырыптық сөре ұйымдастырылды. Ұстаз мерекесіне арналған кітап көрмесімен бірге, «Ұстаз деген ұлағатқа бас идік» 9- сынып оқушылары өз алғыс сөздерімен және жүрек жарды өлеңдерімен ұстаздардың ықыласына бөленді.

«Батыратын неше алуан сезімде, Құдірет бар ұлы Абайдың сөзінде» атты әдеби кеште оқушыларға Абайдың 180 жылдығына орай шығармашылығы мен өмірінен мағлұмат беріп, өлеңдеріне насихат жасалды. Оқушылар өлеңдерін жатқа айтуда, өздерінің белсенді екендігін көрсетті. Іс-шара сыныптар арасында сайыс ретінде өтілді.

Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына «Кел, балалар, оқылық!» атты кітапхана көрме жасалынды, «Ғұлама ағартушы ғалым» тақырыбында кітапхана сабағы өтілді.

Осындай шаралар оқушыларды кітап оқуға қызықтырып, оқыған кітабы жайлы ой қиялын дамытып, таным қаблеттерін арттыру үшін сұрақ- жауап арқылы пікір алмастық. «Кітап –сарқылмас рухани қазына» атты тәрбие сағатын 5 –сынып оқушыларымен сынып жетекшілермен бірлесіп өткіздік.

Оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетіннін, рухани байлыққа қол жеткізу жолында кітаптың маңызы, атқаратын ролі, пайдасы жайлы ұғындырдық.

Аудандық білім бөлімінің тапсырмасымен мектеп мұғалімдерін Жаңалық жаршысы баспасөз беттеріне жазылды.

Кітапханаға мүше оқушылармен әр тоқсан сайын сыныптарға рейд жүргізіледі. Кітаптарды тарату, қабылдау кездерінде көмектеседі, кітаптардың тазалығын тексереді. Әр тоқсан сайын оқулықтардың таза ұсталуын қадағалау үшін тексерулер болып тұрады, «Жанұямызбен кітап оқиық», «Кітапты күтіп ұстай біл тақырыбында бастауыш сынып оқушылармен әңгіме өткізілді.

Әр тоқсан сайын кітапханашылар оқулықтарды тексеру барысында 1-2- 3 – 4 сынып оқушылары кітапты күтіп ұстауы жағынан өте жақсы көрсеткішке ие болды, 6-7-8 сынып оқушылары жақсы көрсеткішке ие болды, 9-11 сынып оқушылары оқулықтарын толық әкелмегендіктен сынып жетекшілеріне ескерту жасалды Жеңілдік берілген оқушылар 100% оқулықтармен қамтамасыз етілді . Қорытынды: Жыл бойына мектепте жүргізілетін кітапхана жұмысының нәтижесіне қарап,оқушылардың кітапханаға келуіне мән беру.

Көркем әдебиеттерді және ақын жазушыларды насихаттау барысында:Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына кітап көрмесі, «Даналық дариясы-дана Абай» кітапхана сабағы өтілді.

Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай «Жыр алыбы-Жамбыл» челеңдж арқылы өлеңдерін жаттап жолданды. М.Махатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Поэзия сағаты» өтілді. Ы. Алтынсариннің туғанына 180 жылдығына көрме жасалып «Кел, балалар,оқылық» челеңдж 8- сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды.

2- сәуір Халықаралық балалар кітабы күніне «Әлемді кітаппен таны» балалар кітаптарының апталығы өтілді. «Кел,тындайық ертегі» 2-3 сынып оқушылары арасында оқу сағаты өтілді. «Кітап арқылы ашылған сырлы әлем» жасөспірімдер арналған кітап көрмесі жасалынды.


Педагогикалық және ғылыми – жаратылыстану білімдерін насихаттауда: «Ел болашағы - білімде», «Ұстаз – мектеп тұлғасы», «Ұстаз аты-биік әрі мәңгілі әдеби қонақжай кеші. «Табиғат –тал бесігіміз» атты кітап көрмесі жасалды.

Қазақ халқының батыр, билерін, хандарын насихаттауда: «Елім деп туғ ерлер бар» «Ел қорғаған ерлерім» ардагерлермен кездесу, « Ерлік өлмейді-ұмытылмайды» Ұлы тұлға М. Әуезовке кітап көрмесі ұйымдастырылды «Тәуелсіздік - ата – бабам арманы» «Тәуелсіздік бақытым» кітап көрме жасалынып, Шығармашыл зиялылардың қатысуымен «Ұлы дала Елі «Руха мұрагер» әңгіме өткізілді.

Мектеп кітапханасының жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеудегі ролі және баланың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру жолдарында шаралар өткізілді. «Менің сүйікті ақын жазушым» өзі қалаған авторды шығармасынан үзінді оқудан және «Ойлы жанға кең өріс» атты оқиға желісін талдау жасау арқылы байқау өткізілді. «Айдың 10 үздігі», «Тоқсанның 10 үздігі

«Жылдың 10 үздігі» анықталып мектепшілік марапатталды. Мектеп кітапханасында «Буккроссинг» бұрышы ұйымдастырылып жұмыс жүргізілді.

1 маусым - балаларды қорғау күніне арнап «Бала біздің болашағымыз» атты суретті көрме жасалынып «Жас оқырмандарды өсіреміз» атты пікір талас тағы басқа да жұмыстар өткізілді. Жыл соңында «Үздік оқырман -2020» атты іс-шара өткізіліп, түрлі марапаттаулар берілді.



4. Кітапханада өткізілетін іс – шаралар

қ/с	Тақырыбы	Көпшілік жұмыс түрі	Оқырман тобы	Мерзімі	Жауапты-лар
<i>Қоғамның саяси-идеялық бірлігін хабарлау</i>					
1.	«Ата Заңым – алтын тұғырым»	Кітап көрмесі	жалпыға	I-тоқсан	Кітапханашы
2	Мен өз елімнің патриотымын	Кітап көрмесі	жалпыға	I тоқсан	кітапханашы
2	ҚР тұңғыш Президенті күні «Ел тарихы – Елбасы өмірі»	Виртуалды кітап көрмесі	жалпыға	II тоқсан	Кітапханашы
3	«Тәуелсіздік – ата –баба арманы»	әңгіме кітап көрмесі	6-7 сынып	II-тоқсан	Кітапханашы
4.	ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауын іске асыру мақсатында жұмыс жүргізу	Виртуалды Кітап көрмесі	қыркүйек жыл бойы	I-ІҮ тоқсан	Кітапханашы
5	«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауын іске асыру мақсатында «Қазақ руханиятын жаңғыртатын қадам»	Виртуалды кітап көрмесі	Жалпыға	I-ІҮ тоқсан	Кітапханашы
6	«XXI ғасыр майталмандары»	интеллектуалды сайыс	6-9 сынып	2 тоқсан	Кітапх. кеңесі
7.	Құқық бұзушылық пен жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу. «Жемқорлықсыз болашағымыз жарқын»	Кітап көрмесі, пікір алысу	7-11 сын, мұғалімдер	1 тоқсан	Кітапх. кеңесі
8	Ұлы Жеңіске 75 жыл. «Салюті Ұлы Жеңістің нұрландырды жер үстін»	Жарнамалық кітап көрмесі, мерекелік кеш	1-11 сын. мұғалімдер	3-4 тоқсан	Кітапхана кеңесі жетекшілер
9.	«Жеңістің жарқын көктемі»	Эссе жазу, бүктеме жасау	5-11 сынып 2-4 сын	4 тоқсан	Кітапханашы Жетекшілер

Егемендік және Тіл туралы әдебиеттерді хабарлау

1.	«Ана тілім - айбарым». «Ана тілі-ұлттың мақтанышы», «Үш тұғырлы тіл – уақыт талабы»	Тілдер апталығы Кітап көрмесі	1-11 сынып, мұғалімдер	1-тоқсан	Тіл бірл-тері, кіт. кеңесі
2.	«Мемлекеттік рәміздер ұлттың мақтанышы»	әңгіме - пікір	5-8 сынып	1-тоқсан	Кітапханашы
3	«Туған жерім-тұнған шежіре»	Сайыс сабақ	5–9 сынып	3-тоқсан	Кітапханашы

Әдет-ғұрып, салт-сана, ұлттық этикалық және эстетикалық әдебиеттерді хабарлау.

1.	«Ата баба дәстүрі - әдептілік негізі»	әңгіме кітап көрмесі	1-4 сынып 5-9 сынып,	III тоқсан	Кітапханашы
2	23 – қараша Жалпыадамзаттық құндылықтар күніне «Тұлғаға рухани адамгершілік білім берудің өзегі-әдебиетте»	Кітап көрмесі Әңгіме-сұхбат	7-11 сынын	II тоқсан	
3.	1-наурыз Алғыс айту күні	әңгіме	Барлық оқырман	III тоқсан	Кітапхана кеңесі
4.	«Ана – өмірдің шуағы»	Мерекелік кеш	1-11 сын.ата-ана,ұстаз-р	III тоқсан	Кітапханашы
5.	«Дүние жүзі халықтарының Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі «Армысың, өз – Наурыз!»	Әдеби қонақжай	7-8 сынып	III тоқсан	Кітапх. Кеңесі
6	Халықаралық Кітап күні. «Әлемді кітап арқылы танимыз!»	Кітап апталығы Мерекелік шара	1-9 сын.	IV тоқсан	Кітапх. Кеңесі
7	«Ардақтайық қазақтың ата салтын»	ертеңгілік әдеби шаңырақ	5-6 сынып жалпыға	IV тоқсан	Баст.сын бірлестігі кітапханашы
8	Ұл ұятымен, қыз	сырласу	7-9 сынып	III	Қыздар кеңесі

	қылығымен ардақты			тоқсан	Кітапхана кеңесі
9	1-мамыр Халықаралық ынтымақ күні мерекесі «Халықтар достығы»	Кітап көрмесі	Бар оқыр	ІҮ тоқсан	Кітапханашы

Қазақ халқының батыр, билері, хандары туралы және тарихи әдебиеттерді хабарлау

1.	1 қазан- Қарттар күніне «Қарты бар үйдің қазынасы бар»	Әңгіме	7-8 сыныптар	I тоқсан	Кітапханашы
2	«Ұрпаққа ұран болған ұлы бабалар» Әйтеке бидің туғанына 355 жыл	Өмірі мен творчеств, шолу	8-10 сыныптар	II тоқсан	Тарих бірл. Кітапханашы
3.	«Ауған асуында от кешкендер», «Ел қорғаған ерлерім»	Кітап көрмесі, Ардагермен кездесу.	жалпыға 8-11сын.	III тоқсан	-- // --
4.	Тарихи ұлы тұлға, ұлы ойшыл, ғалым, энциклопедияшы Әл-Фарабидың 1150 жылдығы қарсаңында	еңбектерін оқу көрме жасау, өмірі мен творчествосына шолу	жалпыға	Жыл бойы	Кітапх. Кең Бірлестіктер
5.	31 мамыр Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні	Кітап көрмесі	Жалпыға	ІҮ тоқсан	Кітапх.Кеңесі.

Салауатты өмір-баршаға

1.	7-сәуір Денсаулық күні. «Менің денсаулығым – менің болашағым»	Әңгіме	5-8 сынып	ІҮ тоқсан	Мед. Бике Кітапхана
2.	«Денсаулық елінде»	Саяхат ойын	2-4 сынып	ІҮ тоқсан	Баст. сын. Кітапхана
3.	1-желтоқсан СПИД- ке қарсы күрес күні. «Біз - ғасыр дертіне қарсымыз»	Суретті көрме Виртуалды көрме	6-8 сынып 9-11 сын	II тоқсан	Кітапхана Медбике
4.	31 мамыр Темекіге қарсы күрес күні «Ағзаны темекімен уламайық» «Шылым шегу – есею ме?»	Кітап көрмесі, сырласу	9-11 сынып	III тоқсан	Кітапхана Медбике

5	Кітап қорын сақтау шаралары: «Кітап- өмір айнасы» тазалық күнін өткізу Кітап қарыз оқырмандармен жұмыс жасау	әр жұмада ай сайын	Кітапхана кен.
6	«Кітап – біздің досымыз» кітап түптеу, жөндеу күнін өткізу.	Ай сайын	Кітап түптеушілер

Оқулықтар қорымен жұмыс

қ/с	Атқарылатын жұмыстар	мерзімі	Жауапты
1	Пән мұғалімдерімен бірлесе отырып оқулықтарға сұраныс жасау, оны рәсімдеу.	Ақпан айы	Кітапханашы
2	ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығын басшылыққа ала отырып, оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету, оқулықтарды тарату, жинап алу.	Жыл басында	Кітапхана кеңесі
3	№ 203 «Оқулықтарға код қою» туралы қаулыны іске асыру мақсатында оқулықтарға код қойылуын қадағалау.	Жыл бойы	Кітапханашы Кіт.секторлары
4	Жаңа түскен оқулықтарды қабылдау және техникалық өңдеу: - Ілесіп құжаттарын рәсімдеу; - Оқулықтарды штемделдеу; - Есеп кітабына тіркеу; - Қор құрамына алып, орналастыру.	Дер кезінде	Кітапханашы
5	Мұғалімдер мен оқушыларға жаңа түскен оқулықтар мен оқу құралдары жөнінде ақпараттар беру.	кезінде	Кітапханашы
6	Ескірген және тозығы жеткен оқулықтарды есептен шығару.	Жылына 1 рет	Комис. мүш.
7	Оқулық қорын сақтау бойынша жұмыс жүргізу. -Оқулық айнасын шығару; -Оқулық тазалығын тексертіп отыру.	Жыл бойы Ай сайын Апта сайын	Кітапханашы Тазалық секторлары
8	Оқулықтардың резерв қорымен жұмыс. - Оқулықтардың резерв қоры есебін жүргізу; - Орналастыру;	Жыл бойы	Кітапханашы

	- Мектепаралық резерв қор картотекасы үшін мәліметтер дайындау; - Резерв қордан басқа мектептерге оқулық алмасу.		
9	Оқулық картотекасын толықтыру және редакциялау.	үнемі	Кітапханашы
10	Оқулық қорының пайдаланылуын зерттеу және талдау.	әр тоқсанда	Кітапханашы

Анықтама –библиографиялық жұмыс

к/с	Іс-шара тақырыбы	Жұмыс түрі	Оқырман тобы	Мерзімі	Жауапты
1	Кітапханалық-библиографиялық білімді насихаттау жұмыстары	Кітапхана сабақтары	2-9 сын.	Кестеге сай	Кітапханашы
2	Алфавиттік және (жүйелі) каталогты толықтыру	Сипаттама жасау		Түсуіне орай	Кітапханашы
3	Мақалалардың жүйелі картотекасын толықтыру	Сипаттама жасау		Күнделікті	Кітапханашы
4	«12 жылдық білім»	Тақырыптық картотека	Мұғалімдер	Жыл көлемі	Кітапханашы
5	Өлкетану картотекасы	Сипаттама жасау		Әр тоқсанда	Кітапханашы
6	«Жаңа педагогикалық басылымдар»	Ақпарат күні	Мұғалімдер	I тоқсан	Кітапханашы
7	«Баспалардан балаларға базарлық»	Ақпараттық тізім	Бастау сыныпта	Әдебиет. түс. орай	Кітапханашы, сын. жетекші.
8	Библиографиялық анықтамаларды орындау	Анықтама	Бар. оқырм. топтары	Кезінде	Кітапханашы

Ғылыми-жаратылыстану білімдерін хабарлау

1.	«Табиғат тағдыры- адам тағдыры»	Кітап көрмесі	Жалпыға 1-9 сыныптар	III тоқсан	Кітапхана кең. Сын. жет.
2.	«Табиғатым- жан сұлулығым»	Ақын жаз. өлеңдерін мәнерлеп оқу	5-9 сынып	IV тоқсан	Кітапхана

Педагогикалық білімді хабарлау

1.	Білім беру жүйесіндегі реформалар-заман талабы	Пікір алысу	Мұғалім, ата-ана, 10-11 сын.	I тоқсан	Кітапх. Кең.
2.	«Білім мен тәрбие егіз ұғым»	Кіт. көрме әңгіме	Жалпыға Мұғалім	IV тоқсан	Кітапх.кең.
3.	«Ұстаз – мектеп тұлғасы»	Мерекелік кеш.	7-11 сын. мұғалімдер	I тоқсан	Ұйымд. кең.
4	«Үштілділік-жаңа заман талабы»	Пікірлесу	7-11сын мұғалімдер	III тоқсан	Кітапханашы
5	Рухани даму жаңа Әліпбиден басталады	Кітап көрмесі Пікірталас жарнама	Жалпы оқырман	I- IV тоқсан	Кітапх.кең. Қаз.тіл бірл.

Көркем әдебиеттерді, ақын – жазушылар шығармаларын хабарлау

1.	«Ұлыдан қалған мол мұра» М. Әуезов 125 жаста	Виртуалды кітап көрмесі	7-11 сынып	I тоқсан	Кітапх. Кең. Қаз.тіл.үйір
2	«Әлемді кітап арқылы танымын» Буккроссинг жобасымен жұмыс жасау.	Кітап көрмесі, кітапты жарнамалау.	Жалпы оқырман	Жыл бойы	Кітапх. Кең
3.	Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Көп оқып, көп білуге ұмтыл!» 100 кітап жобасын іске асыру	Кітап көрмесі. сұхбат,байқау, ойындар.	Жалпы оқырман	Жыл бойы	Кітапх. Кең
4	Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына іс-шара түзу : «Абайды білмек парыз, ойлы жасқа», «Абайды оқы, ерінбе!»	Виртуалды кітап көрмесі,эстафета, Ән-жыр кеші, әдеби кеш Буктрейлер жасау	Жалпы оқырман	Жыл бойы	Кітапх. Кең Бірлестіктер
5	Ахмет Байтұрсынұлының туғанына -150 жыл толуына	Виртуалды кітап көрмесі	5-7 сын	I тоқсан	Кітапх. Кең Қазақ тілі

	орай «Тілтанымдық мұрасы»	Әдеби кеш	8-11 сын		бірл
6	«Бала жанының жанашыры» балалар жазушысы Б. Соқпақбаевтың туғанына 95 жыл	Кітап көрмесі презентация талдау	1-4 сынып	I тоқсан	Кітапх.кең. Баст. сын.бірл
7	«Ұлтым деп соққан ұлы жүрек» Ж. Аймауытовтың туғанына 130 жыл «Ақбілек» романын талдау	Кітап көр. Поэзия сағаты	7-11 сынып	II тоқсан	Кітапх.кең. Қазақ тілі бірл
8	«Жырларымды оқы да, ойларымды ал» қазақтың белді ақын қызы Ф. Оңғарсынованың туғанына 80 жыл. «Поэзия падишасы»	Кітап көр. Поэзиялық кеш Буктрейлер жасау.	7-11 сынып ұстаздар	II тоқсан	Кітапх. Кең. Қазақ тілі бірл
9.	«Қазақ өлеңінің Қадыры» Балалар ақыны Қадыр Мырзаәлі 85 жаста. «Сөзден артық мұрам жоқ»	Өмірі мен творч. шолу Ертенгілік Кітап көрмесі	5-9 сын	III тоқсан	Кітапх.кең. Баст. сын.бірл
10	«М. Мақатаевты ардақтайық»	Ән-жыр фестивалі Жыр кеші	1-11 сын.Ата- ана,мұға- лімдер	III тоқсан	Кітапханашы
11	«Жыр алыбы -Жамбыл» Ж.Жабаевтың туғанына 175 жыл	Көрме жасау,челендж ұйымдастыру	7-9 сыныптар	II тоқсан	Кітапханашы Қазақ тілі бірл
12	Үздік оқырмандармен «Білім биржасын» өткізу	Зияткерлік сайыс	5-11 сын	III тоқсан	Кітапх. Кең
13	«Кел,балалар,оқылық!» Ы. Алтынсариннің туғанына 180 жыл	Кітапхана сабағы Кітап көрмесі	5-9 сынып	I тоқсан	Кітапханашы
14	2- сәуір Халықаралық балалар кітабы күні «Кел тыңдайық ертегі» Балалар кітаптарының от шашуы	Саяхат сабағы Ертегі кітаптарға шолу	1-4 сынып	IV тоқсан	Кітапханашы
15	23 сәуір- Халықаралық Кітап күні «Кітап- жан азығын»	Кітап апталығы кітапханалық ревью:	1-11 сынып	IV тоқсан	Кітапхана Кең
16	Лидер Reader ON кешенді іс шарасын жүргізу	Байқау, пікіралмасу, әңгіме сұхбат	1-11 сынып	Жыл бойы	Кітапхана кеңесі

17	«Дәуірдің жұлдыз тұлғасы» Жазушы С. Бәкбергеновтың туғанына 100 жыл	Кітап көрмесі Өміріне, творч. шолу	5-11 сынып	ІҮ тоқсан	Кітапхана кеңесі
18	Ұлы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында «Өрліктен туған ерлік»	Суретті кітап көрмесі, апталық	жалпыға	ІҮ тоқсан	Кітапхана кеңесі
20	1 маусым-Балаларды қорғау күні. «Бала – біздің болашағымыз»	көрме	1-4 сынып	ІҮ тоқсан	Кітапхана
21	«Ең үздік оқырман»	Оқырман байқауы	Барлық оқырман	ІҮ- тоқсан	Кітапхана кеңесі

5. Кітапхана қорын қалыптастыру.

қ/с	Атқарылатын жұмыстар	мерзімі	Жауапты
1.	ҚР.БҒ Мин. 18. 07. 2003 жылғы № 508 «Кітапхана қорының түзілуі» туралы нұсқаулықты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау туралы бұйрығын басшылыққа ала отырып, қор құрамын реттеу, оның пайдалануына талдау жасау	үнемі	Кітапханашы
2	Жаңа аппараттармен, жаңа әдебиеттермен, электронды оқулықтармен, мерзімді басылымдармен қорды толықтыру.	Жыл бойы	Кітапханашы
3	Кітапхана қорын ұйымдастыру. - Қорды орналастыру. - Қорды тексеру; - Сөрелік бөлгіштерді безендіру; - Суретті сөрелік бөлгіштер жасау -	Кезінде 5 жылда бір рет кезінде	Кітапхана Кенесі
4	Негізгі қор есебінен әдебиеттерді шығару	Жыл аяғында	Комиссия